

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

ДОССОРЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР – ТАҒЫ ДА ҮЗДІК!

«Ембімұнайгаз» АҚ құрылымдық бөлімшелері мамандарының арасында өткен «Үздік маман-2018» сайысының 2-кезеңі өз мәресіне жетті. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы (бұдан әрі МГӨБ) С.Балғымбаев кен алаңында екі күнге созылған сайыста ембілік мұнайшылар мұнай-газ саласы бойынша мамандықтың 13 түрінен өзара сынға түсті.

«Үздік маман-2018» байқауының жабылу салтанатында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ



жеңімпаздарды жүлделі орындарымен құттықтап, арнайы дипломмен, ақшалай және имидждік сыйлықтармен марапаттады.

– Компанияға қарасты басқармалардың тек үздік мамандары ғана бас қосқан екі күндік сайыс сәтті өтті. Биылғы байқаудың ерекшелігі – қатысушылардың көбі жастар болып отыр. Соның ішінде, үшеуі – Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша компанияға жұмысқа қабыл-

данған жас мамандар. Өндіріске жас мамандар келіп, олардың арасынан үздік мамандардың шығуы – компанияның қол жеткізген үлкен жетістігі деп санаймын, -деп атап өтті өз сөзінде **Ә.Жақсыбеков**.

Дәстүрлі байқау қорытындысымен ембілік мұнайшылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді.

(Басы. Соңы 2-бетте)

КОМПАНИЯ ЖАҒАЛЫҒЫ

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ АРНАУЛЫ КИІМ – ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ!

Өндірістік нысандардағы жұмысшыларды толғандыратын өзекті мәселелердің бірі арамидті талшықтардан дайындалған матадан тігілген арнаулы қорғаныс киіміне қатысты болып табылады. «Мақтадан дайындалған арнаулы киім жақсы «тыныс алады», сол арқылы терлеп, ыссыламайсың» деген пікір қалыптасқан. Мұның шындыққа жанаспайтынын дәлелдеу үшін бірқатар фактілерді келтірейік.

Матаның тығыздығы – арнаулы киімнің ауаны өткізу қасиетіне әсер ететін негізгі фактор саналады. 11209-2014 мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес (Арнаулы киімдерге арналған маталар. Жалпы техникалық талаптар) мақтадан арнаулы киім тігу үшін қолданылатын матаның тығыздығы **200-250 г/м²** аралығында болады, ал, ауа өткізгіштігі 30 дм³/м²-ты құрайды. Сонымен қатар,

климаты ыстық аудандарға жеңіл жазғы арнаулы киімдерге, соның ішінде, «Ембімұнайгаз» АҚ арнаулы киімдерін тігуге қолданылатын FlameFort 180A арамидті талшықтардың тығыздығы – 180 г/м², ал, ауа өткізгіштігі 60 дм³/м² болады (<http://www.textile.ru/products/speccloth/tec/180a>). Яғни, FlameFort 180A матасы өзге компаниялардың арнаулы киімдеріне қолданылатын мақталардан қасиеттері жағынан кем түспейді, бірақ, салмағы және ауа өткізгіштігі жағынан басым келеді.

Сондықтан, «мақтадан тігілген арнаулы киім жеңіл келеді» деген қате түсінік арнаулы киімді тұрмыста қолданылатын киімдермен (матаның тығыздығы шамамен 45 г/м² болатын) салыстырудан туындайды. Алайда, мұндай маталардан мұнай-газ саласында арнаулы киімдерді тігуге рұқсат берілмейді. Ал, мұндай қа-

дамға баратын компаниялар заңға қайшы әрекет жасап отыр.

(Басы. Соңы 8-бетте)



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

ДОССОРЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР – ТАҒЫ ДА ҮЗДІК!

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Мұнай және газ өндіру операторы» номинациясы бойынша жеңіске «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы **Айбек Тұрсынбек** жетсе, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы **Жалғас Рамазанов** II орынды еншіледі. Ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы **Алтай Әжіхановқа** III орын бұйырды. «Ұңғымаларды жер-



асты жөндеу операторы (вахта)» номинациясында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторлары **Келдібай Сариев, Орынбасар Мусиев** пен **Саян Мұқашев** топты жарып, алға шықса, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторлары **Берік Жаберов, Кадірбек Нұрғожиев, Ертай Жанайсов** II орынды иеленді. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторлары **Талғат Жукеев, Серік Досқалиев** пен **Жасұлан Мырзабаев** III орынды иемденді.

«Ұңғымаларды зерттеу операторы» номинациясы бойынша «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы **Райымбек Сағызбаев** өз білімінің басым және тәжірибесінің мол екендігін дәлелдеді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы **Абай Текеев** бұл аталымда II орынды иеленсе, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы **Еркін Башановқа** III орын бұйырды.

Мұнай дайындау операторы (тауарлы) номинациясы бойынша сынға түскен «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы **Қуандық Қонановқа** кәсіби біліктілігі жағынан тең келер ешкім болмады. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы **Қайрат**



Хисметов және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы **Құрал Абденов** II және III орындарды бөлісті.

«Сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы» аталымы бойынша «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы **Асылбек Көшекенов** жеңіске жетсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы **Тұрар Жайлашев** – II, «Жылыоймұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасының операторы **Мейрам Қаратаев** III орындарды еншіледі.

«Жер қабаты қысымын сақтау операторы» номинациясы бойынша конкурсқа қатысқандардың арасынан «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы **Сағынжан Молдаш** үздік шықты. Ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы **Алшынбай Исаинов** II орын жүлдегері атанса, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы **Айдос Бисенғалиев** III орынға ие болды.

«Химиялық талдау жасау лаборанты» аталымда үздік шыққан «Доссормұнайгаз» МГӨБ лаборанты **Айжан Хамитова** жеңіс тұғырынан көрінсе, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ лаборанты **Әсия Ахметова** II орын жүлдегері атанды. III орынға ие болған – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ лаборанты **Данияр Өмірғазиев**.

«Электр газбен дәнекерлеуші» аталымы бойынша үздіктер қатарында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ маманы **Әнуарбек**



Битималиев (I орын), «Қайнармұнайгаз» МГӨБ маманы **Жақсылық Қасенов** (II орын), «Доссормұнайгаз» МГӨБ маманы **Ерболат Атагузиев** (III орын) болды.

«Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеуші – дәнекерлеуші» аталымында «Доссормұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі **Аман Танашев** жеңіске жетті, ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі **Бекболат Тәжмұратов** – II орын, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі **Оспанов Ерболат** – III орын иегері атанды.

Байқауда «Токарь» аталымы бойынша кәсіби біліктілігі мен тәжірибесін дәлелдеген – «Доссормұнайгаз» МГӨБ маманы **Нұрсейіт Қоңырбаев**. Ал, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ маманы **Айболат Жұмакалимов** II орын тұғырынан көрінді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ маманы **Аманбай Құсайынов** үздік үштік қатарынан көрінді.

«ЦА-320» арнаулы көлігінің машинисі аталымында топ жарған –



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ машинисі **Нұрлыбек Жұмағалиев**. Ал, «Қайнар-мұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» МГӨБ машинистері **Нұржасар Галиев** пен **Айболат Рахманов** II және III орындарды иеленді.

«Жүк таситын көлік жүргізушісі» аталымында үздік шыққан – «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ көлік жүргізушісі **Қасым Мекебай**. Ал, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының машинисі **Данияр Бисембаев** пен «Доссормұнайгаз» МГӨБ машинисі **Арман Аймағамбетов** II және III орын жүлдегерлері атанды.

Дәстүрлі шеберлік байқауындағы соңғы – **«Электр монтері»** аталымында «Ембі-мұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының электр монтері **Қуандық Хасанов** пен **Миллат Идрисов** топ жарып, үздік шықты. Ал, аталмыш басқарманың «Мақат» аудан-

дық электр торабының электр монтері **Бекназар Ақмурзиев** пен **Азамат Байөміров** II орынды иеленді. III орын жүлдегерлері болып аталған басқарманың «Доссор» аудандық электр торабының электр монтері **Ержан Туkenov** пен **Жұбан Ермек** атанды.

Екі күнге созылған кәсіби шеберлік байқауының қорытындысымен жүлделі I, II және III орындарды иеленген үздік мамандар арнайы дипломмен, ақшалай сертификатпен және имидждік сыйлықпен марапатталды. Байқау жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ шеңберінде өтетін финалдық кезеңге жолдама алды. Жалпы командалық есеп бойынша **I орынды – «Доссормұнайгаз», II орынды – «Қайнармұнайгаз», III орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ** командалары иеленді. Айта кетсек, «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы өткен жылғы байқауда да үздік шыққан болатын.

Компания бойынша дәстүрлі ша-раға айналған «Үздік маман» сайысына доссорлық мұнайшылар ерекше мән береді. Әркез сайыста болатын теория мен тәжірибелік тапсырмаларға тыңғылықты дайындалады. Осының нәтижесінде «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармалар ұжымдары арасында өтетін «Үздік маман» байқауының 2-кезеңінде осымен екінші жыл қатарынан «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы жүлделі I орынды жеңіп алды. Биылғы сайысқа басқарма атынан 14 маман қатысса, оның 5-уі жас маман. Жалпы, біз осындай байқауларға талантты, білімді жас мамандарды көптеп тартуға тырысамыз, - деп атап өтті **«Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді СҮЛЕЙМЕНОВ**.



СЕНІҢ ИДЕЯЛАРЫҢ – ӨНДІРІСТЕ ҮНЕМДЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ!

Бүкіл әлемде мұнай-газ өндіру компаниялары энергия ресурстарын (электр энергиясын, жанар-жағармай материалдарын, мұнайды, табиғи газды, ілеспе газды, суды) үнемдеу саясатын жүргізіп келеді. Бұл компаниялардың қызметкерлері адамзатқа берілген табиғи ресурстар уақыт өте сарқылатынын жақсы түсінеді. Тек оларды аялау арқылы кейінгі ұрпаққа қалдыра аламыз.

КЕТЕРДЕ ЖАРЫҚТЫ ӨШІРІЗІ!

«Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі – ЕМГ немесе Компания) энергиямен қамту жұмыстары 2014 жылы басталды. Осы аз ғана уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге жетіп үлгердік. Компанияның бес мыңнан астам адамды

құрайтын ұжымының әрбір қызметкерінің көмегімен «Ембімұнайгаз» жыл сайын энергияны тұтынудың орташа 6% -ға тұрақты төмендеуіне қол жеткізуде.

Энергия үнемдеу саясатына Компанияның баса мән беруі мен қолдауын 2018 жылдың маусым айында «Доссормұнайгаз», өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы мен ЕМГ орталық аппаратында «TUV-NORD» компаниясы жүргізген тәуелсіз аудит растады.

Бөлімшелер, цех басшылары мен жұмысшыларының энергияны үнемдеуге деген ниеттері мен қолдауы оң бағаланды. Аудитор жұмысшылардың

басым көпшілігі ресурстарды үнемдеуге ынталы екендігін және бұл бағытта өз ұсыныстарын білдіріп жатқанын ескере отырып, қызметкерлерді ынталандыру тетіктерін қарастыру керектігін атап өтті.

Біздің үлкен ұжымымызда әр қызметкер келешек ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтау мақсатындағы ортақ іске өзіндік үлесін қосып келеді. Және бұл – асыра сілтегендік емес. Мәселен, егер қызметкер жұмыстан соң кабинеттен, оператор немесе сорап бөлмесінен шығарда жарықты өшіріп жүрсе, күндізгі уақытта кем дегенде жарық шамының 1 сағат жұмысын үнемдейді.

(Басы. Соңы 4-бетте)

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

СЕНІҢ ИДЕЯЛАРЫҢ – ӨНДІРІСТЕ ҮНЕМДЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ!

(Соңы. Басы 3-бетте)

Орта есеппен алғанда, бөлмеге қуаттылығы 12 кВтт болатын 3 энергия үнемдеуші шам қондырылады. Барлығы – 36 кВтт. Ал, енді 36 кВттты бір жылдағы күндер саны – 365-ке көбейтсек, жылына 13,14 кВтт энергия үнемделеді. 1 кВтт электр энергиясының құны 22 теңге болған жағдайда, компания үшін қаржылық үнем 289 теңгені құрайды.

Бұл сомма аз көрінгенімен, оны ғимараттар, барлық кабинеттер мен бөлмелер санына көбейтсек, 4000-ға жуық нүктеде жылына 52,56 мың кВтт болады. Қаржылық эквивалентке сәйкес үнем көрсеткіші айтарлықтай сезіледі – 1 156 320 теңге! Бұл көрсеткішке жұмысшылардың ұқыптылығының арқасында қол жетіп отыр.



Осы орайда, «электр энергиясын үнемдеу келешек ұрпаққа қаншалықты әсер етеді?» деген сауал туындайтыны орынды. Жылу электр орталығының тиімділік коэффициентін кем дегенде 43 пайыз деп алайық. Бұл жағдайда бір мың киловатт электр энергиясын шығару үшін 16,77 ГДж немесе 22,6 текше метр табиғи газ қажет. Яғни, жылу электр орталығы 22,6 текше метрге кем табиғи газ жұтады. Сәйкесінше, атмосфераға зиянды заттардың шығуы да едәуір азаяды. Ал, бұл көрсеткіш шамамен жылына 233 келіні құрайды.

Бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін әр жұмысшы қызмет орнында және үйде қандай энергия ресурстарын сақтай алатынын білу маңызды. Мәселен, көлік жүргізушісі жанар-жағармай материалдарын (жүргізу режимін сақтау арқылы), қабат қысымын сақтау операторы мен мұнай-газ өндіру операторы электр энергиясын (техникалық режим мен бақылауды сақтау арқылы), ал, барлық инженер-тех-

ника қызметкерлері өз қызметтерінің бағыттары бойынша үнемдей алады.

Бұл – қарапайым логика, аз қолдансақ – аз жағамыз, сол арқылы кейінгі ұрпаққа қалдырамыз көп болады.

**400 АҒАШТЫ ҚАЛАЙ
ҚҰТҚАРУҒА БОЛАДЫ?**

Тағы бір мысал келтірейік. Біздің компания жылына 29 тоннадан астам кеңсе қағаздарын сатып алуда. 1 тонна қағазды өндіру үшін түріне байланысты 4-5 текше метр ағаш керек немесе 15 ағашты кесу қажеттігі туындайды. Есептеп қарасақ, 29 тонна қағазды шығару үшін жас шамасы 10 жылдан кем емес 444 ағашты кесу керек!

Кесілетін ағаштар санын қалайша азайта аламыз? Оңай-ақ. Ол үшін кеңсе қағаздарын мақсатты жұмсап, мүмкіндігінше басу кезінде қағаздың екі бетін пайдаланған жөн. Бұдан да тиімді әдісі: қағазды қайта өңдейтін кәсіпорындарға тапсыру үшін қоқыс жинағын ұйымдастырып, отбасының әрбір мүшесі екі ағаштан отырғызса құба-құп!

Әрбір адам кейінгі ұрпаққа мұнай, жанар-жағар май, су секілді басқа да энергия ресурстарын қалдыру үшін көптеген мысалдар келтіруге болады. Бірақ, әріптестерім мұны жақсы білетініне сенімдімін. Әйтпесе, мұндай жақсы нәтижелер мен энергия ресурстарын тұтынудың тұрақты динамикасының төмендеуіне қол жеткізбес едік.

ИДЕЯ ҮШІН – 5 000!

Мүмкіндікті пайдалана отырып, қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да өндірістік, энергияны сақтау қызметтері, еңбек шарттары пен өндірістік қауіпсіздікті жақсарту, еңбек тиімділігін арттыру бағытындағы идеяларды, ұсыныстарды жинақтау жүйесі қызмет етіп жатқанын хабарлағым келіп отыр. Яғни, кез келген қызметкер өзі қалаған формада (электронды пошта,



Лотус электронды базалық құжаттамасы арқылы) өз ұсынысын білдіре алады! Алдағы уақытта қызметке енгізуге тұрарлық әрбір идея үшін қызметкерге 5 000 теңге көлемінде біржолғы сыйақы беріледі. Сыйақының көлемі аз болып көрінгенімен, қаражат ұсынар идеяларыңыздың санына байланысты есептеледі. Бір адам қанша ұсыныс берсе де өз еркі. Еш шектеу қойылмайды. Бұл жөнінде толыққанды ақпарат алғыңыз келсе, «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметті жақсартуға ұсыныс беру жүйесін ұйымдастыру жөніндегі ережелерден (ЭМГ-П-132-01) біле аласыздар.

Мысал келтірейін. Қабат қысымын сақтаудың сорап бөлмесінде өнімділігі әр түрлі 2 сорап қондырылған: біріншісі – ортадан тепкіш сорабы (ОТС) - 180/425 – 315кВт, екіншісі – ОТС-180/340 – 250 кВт. Келетін судың орташа көлемі сағатына – 170 текше метр. Сораптың сипаттамасына сәйкес тоқтату режимінсіз қабат қысымын сақтау мүмкін емес. Оны тек арматураны шектеп ашып, режимге келтіруге болады. Мұндай жағдайда сораптардың тиімділік коэффициенті 0,2-ге дейін (қалыпты тиімділік коэффициенті – 0,7) төмендейді. Бұл жақсы емес.

Сорғыларды сұйықтықтың ағымын ескеретін сипаттамаларымен алмастыру (тұрақты емес өсім) немесе жиіліктегі бақылауды орнату арқылы қабат қысымын сақтау сорабын оңтайландыруға болады. Әрине, мұның барлығы жай мысал ретінде келтірілгенімен, бірнеше жыл бойы жұмыс жасап келе жатқан технологиялық процессті оңтайландыруға болатынын аңғартады.

Идеяларыңызды ұсынуға болатын тағы бір бағыт – қызметтік автокөліктерді ұйымдастыру. Сіз қазіргі маршруттың қауіптерін көрсете отырып, қозғалыстың жиілігі кезінде тиімді маршрутты ұсына аласыз.

Жетіліп, дамуға еш шектеу жоқ! Кез келген қызметкердің өз жұмыс орнында жаңа идеялары туындайды. Нақ сіздің ұсынысыңыз «Ембімұнайгаз» АҚ-да жүзеге асуы әбден мүмкін!

Еркін СҮЛЕЙМЕНОВ,
келешекте дамыту департаментінің
сапа жөніндегі аға инженері.

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ – ЕҢБЕКТЕ

ЕМБІЛІК МАЙТАЛМАНДАР

Еліміздің қазыналы өлкесінің қойнауынан «қара алтынның тынысы» ашылғаннан бері ембілік мұнайшылар өндірістің өрісін кеңейтіп, мұнай өндіру саласын қалтқысыз абыройлы еңбек етіп келеді. Осыған орай, жеті қат жер астындағы қазына-байлықты халықтың игілігіне айналдыру үшін толарсақтан саз кешіп, маңдайларын күн тескен, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізумен қатар, оны өндіру, дайындауда табанды, тынымсыз еңбек ету арқылы қиыншылықтар мен кедергілерді еңсеріп, үздіктер қатарында көрінген майталман мұнайшылар – аға буын өкілдері мен жас әріптестеріміз туралы дайындалған мақалаларды газетімізде «Ембілік майталмандар» айдарымен беріп отырамыз.



атқылап, Еділ-Жайық қос өзен аралығындағы іргелі кәсіпорын бой көтеріп, жұмысқа кірісе бастаған алғашқы жылдар еді. Сол кездегі «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің басшысы Бөлекбай Сағынғалиев Байшонасқа келіп, мұнайшылармен жиын өткізді. Мұнайшыларды «Жайыққа» жұмысқа шақырып, барлық жағдайларын жасайтынын уәде етті. Сөйтіп, Байшонастан елу шақты адам Новобогат ауданына (қазіргі Исатай) жол тарттық. Бөлекбай Сағынғалиұлы берген уәдесінде тұрып, алты айдан кейін бәрімізге облыс орталығынан үй берді, жұбайларын да жұмысқа, балаларын балабақшаға орналастырды. Ал, бұл кезде мен бар болғаны 20 жаста едім - деп Екібай Қайырғалиұлы сол жылдарды еске алады.

«ЕЛУ ЖЫЛДА – ЕЛ ЖАҢА»

Аталған цехта Екібай Дилмұхашев 2001 жылға дейін ширек ғасыр уақыт бойы оператор мамандығы бойынша қызмет етті. Содан бері өндіру саласына ауысып, қазіргі таңда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай-газ өндіру цехында 4-разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып абыройлы еңбек етуде.

Жылдарды артқа салып, өркенді өндірістің озық тәжірибесін меңгеріп келе жатқан әріптесіміз жыл өткен сайын мұнайшылардың жағдайы жақсарып, жұмыс жасау үрдісі оңтайлан-

дырылып келе жатқанын айтады.

– Бастапқы кезеңдерде жатақхананың алақандай бір бөлмесінде 6 адам жататынбыз. Жұмыста жұмысшылар отыратын вагондар мүлдем болмады. Жауынды, шашынды, қыстың аязды, жаздың аптап ыстық күндері ағаш күркеде отыратынбыз. Пеші де жоқ еді. Майланған киімдерімізді ауыстыруға да мүмкіндік болмады. Озық үлгідегі техника мүлдем болған жоқ. Жаңбырлы күндері жағдайымыз тіптен нашарлай түседі. Аяқ киіміміз балшыққа жабысып, шешіліп қалушы еді. Мұнайшыларды тасымалдайтын автобус та болмады. Өндіріске жаяу баратынбыз. Ал, қазір ше? Мұнайшыларға жасалған қамқорлықтың арқасында жағдайымыз едәуір жақсарды. Жылдан-жылға заманға сай құрал-жабдықтар, қондырғылар өндіріске енгізіліп келеді. Жатақханаларда салқындатқыш, тоңазытқыш қондырылған. Бір бөлмеде 2 адамнан жатады. Жуынатын бөлме, жатын бөлмелеріміз таза. Күніне үш мезгіл берілетін тамақтың сапасы да жақсы.

Экологияны сақтауға баса көңіл бөлініп келеді. Бұрынғыдай шылқып жатқан май қазір тіпті көрінбейді. Мұнайшыларға арналған әлеуметтік пакеттің өзі – үлкен қолдау. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы кезеңмен салыстырғанда жағдайымыз жер мен көктей, - дейді Екібай Қайырғалиұлы.

Еңбек бағалануымен құнды. Екібай Дилмұхашев Ембі өңіріндегі еңбегі арқылы бірнеше мерекелік марапаттарға – медальдар мен грамоталарға ие болды.

Бір қызығы сол, Екібай Қайырғалиұлы жан жарын да осы мұнай-газ өндіру басқармасында кездестірген. Жұбайы Батиха Дилмұхашева - бүгінде зейнеткер. Аялап өсірген қыздары Сымбат биыл мектепті тамамдап, үлкен өмірге жолдама алып отыр. Ата-анасы сәбиінің де таңдаған мамандығын сүйіспеншілікпен атқаратынына сенімді.

ЖЕТИСТІК ЖОЛЫ

Ол – саналы ғұмырын Ембі өндірісінің дамуына арнаған жан. 45 жылға жуық уақыт бойы бір мұнайгаз өндіру басқармасында, бір салада вахталық әдіспен табан аудармастан еңбек етіп келеді.

Екібай Дилмұхашев Мақат ауданының Байшонас поселкесіндегі орта мектепті 1973 жылы бітірген соң, «Доссор-мұнай» басқармасында еңбек жолын бастады. 1976 жылы Отан алдындағы борышын өтеп келген жас жігіт «Жайықмұнай» (қазіргі «Жайықмұнайгаз» МГӨБ) басқармасының жерасты жөндеу цехына оператор болып жұмысқа болып орналасады. Басқа ауданға қызметке кірісу жас жігіт үшін алғашында оңайға соқпайды. Алайда, кейіпкеріміз бұл шешім оның өмірін түбегейлі өзгерткенін айтады.

– Бұл ғасырлар бойы бір шетін бұрқыраған құм басып, екінші шалғайын Каспий теңізі суы бірде шайып, бірде қайтып жататын боз далада мұнай селі

С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕН АЛАҢЫНА – 50 ЖЫЛ

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ



1977 жылы Новобогат ауданының экономикалық - әлеуметтік жағдайында күрделі өзгерістер болды. «Жайықмұнайгаз» басқармасы сияқты үлкен кәсіпорын пайда болып, оның өндірісі өрлеу жолына түсті. Нарын құмының мыңдаған тұрғындары арасында малшылармен қатар, енді жаңа кәсіпкерлік - мұнайшылар деген кәсіби атау пайда болды. Батыс Қазақстан теміржолының Атырау өңіріндегі - Ақсарай аралығындағы тармағының құрылысы аяқталып, жетпісінші жылдардың басында тұрақты пайдалануға қосылды. Ол аудан жерін шығысынан батысына тұтас қамтып, тіке кесіп өтетін болды. Оның бойында Аққыстау, Исатай станциялары салынып, оларда тұрғындар саны күрт көбейді.

Жылдар өте Еділ - Жайық арасындағы мұнай өндірісі барған сайын қарқынды даму үстінде болды. Жыл сайын жаңа кен алаңдары дайындалып, өндіріске пайдалануға беріліп жатты.

Міне, үстіміздегі 2018 жыл - біз әңгіме жасап отырған Еділ - Жайық мұнайшыларының тарихында ерекше атауға тұрарлық жыл болып саналады.

Атап көрсететін болсақ: бұл жылда ғасырлар бойына бір шетін бұрқыраған құм басып, екінші шалғайын Каспий теңізінің ауытқымалы су деңгейі бірде шайып, бірде құрғатып, сұрықсыз, сиықсыз реңде жататын даламызда алғаш мұнай селі (фонтаны) атқылағанына – 55 жыл. Мұның өзі туған жердің тарихында мәңгілік сақталар үлкен оқиға болып танылды. Сол тосыннан жер астынан тулап шыққан мұнай тасқынының ел игілігіне айналып, өндіріс орындарына табыс етіле бастағанына 50 жыл және бұрын Еділ - Жайық арасын қоныстанған халқымыздың мал бағу мен балық аулаудан басқа кәсібі болмаса, енді жүздеп, мыңдап еңбек

ететін мұнайшылардың басын қосатын «Жайықмұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасының жеке шаңырақ көтергеніне 45 жыл болып отыр. Тарих үшін бұл аз уақыт емес. Бірақ, сол қырық бес жылдың өзінде туған жер тарихында бірнеше ғасырларға жалғасатын, халқымыз ешқашан да ұмытпайтын күрделі істер жасалды. Ол ерлік еңбектер үлгісін, туған жерімізде мұнай өндірісінің алғашқы «тұсаукесерін» жасаған аға буынның өшпес істерін келер ұрпаққа жеткізу - біздің парызымыз. Сондықтан басқарманың мерейтойы қарсаңында аға буынның естелік әңгімелерін оқырмандарға жеткізуді жөн көріп отырмыз.

Ежелден ата - бабамыз мекен етіп, мал бағып, балық аулап кәсіпшілік құрған Еділ мен Жайық өзендері аралығында мұнай көзін іздеу бағытындағы жер бедерін ғылыми зерттеу, геологиялық барлау жұмыстары 1957 жылдан бастау алады. Бастапқы уақытта бұл жұмыстан нәтиже шыға қоймас деген сенімсіздік те болды.

Қос өзен аралығының мұнай байлығының қорын алғаш ғылыми негіздеген азамат - ұзақ жылдар Қазақ мұнай зерттеу институтының (КазНИГРИ) директоры болып қызмет жасаған, белгілі геолог-ғалым Таумыш Жұмағалиев болатын. Ол сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарының орта тұсынан бастап осы өңірдің мұнай байлығын игеру қажеттігін табандылықпен мәселе етіп қойып отырды. Ағамыздың дәйекті ғылыми жұмыстары мен күш - жігер жұмсауы арқасында бұл аймақта жоғары сапалы мұнайы мол Мартыши, Қамысты, Жаңаталап және Гран кен орындары ашылды.

1959 жылы мамыр айында Гурьев қаласында Еділ - Жайық аралығының мұнай қабаттарын анықтау, оны ғылыми жүйеге келтіру бағытында конференция өткізілген болатын. Конференция өткізуге үлкен белсенділік пен табандылық көрсетіп, ұсыныс беруші Таумыш ағамыздың өзі болатын. Конференцияға Москва мен Алматының мұнай өндірісі саласындағы білікті ғалымдары қатысып, бірнеше ғылыми тақырыптарға баяндамалар жасалған. Ағамыздың сол Бүкілодақтық ғылыми-техникалық конференцияда «Еділ - Жайық қос өзен арасының мұнайлы келешегі» деген тақырыпқа жасаған баяндамасы бүкілодақтық ғалымдар мен мұнай министрлігінің



шұғыл шешім алуына итермелеген болатын. Т.Н.Жұмағалиевтің кезінде Еділ - Жайық алқабын «геология тыңы» деп атағаны кейін қанатты сөз болып кеткен болатын. Сол бір жылдардағы ғалымның ғылыми еңбек, мақалаларын парақтап отырғанда мына жазғандары бізді ерекше толғандырады. «Облыста Жетібай мен Өзеннен» басқа да экономикалық жағынан қолайлы жағдайда отырған перспективалы жаңа мұнай - газ алаңдары толып жатыр. Олардың қатарына Гурьевтен 80 шақырымдай жердегі Мартыши алаңын жатқызуға болады. Физикалық-химиялық қасиеттері жағынан бұл алаңның мұнайының бензині, түрлі фракциясы көп, күкірті аз құнды отын болып есептеледі, жоғары сортты мұнайдың қатарына жатады. Мартыши мен қанаттас Гурьевтен 60 шақырым жердегі Камышитовый құрылымынан да төрт горизонт табылды. Мартыши сияқты жол қатынасы, орталыққа жақындығы, тез игеруге барлық жағынан қолайлы тұрған жоғары сапалы мол мұнайы бар кен орнын іске қосу Ембідегі ең ірі кәсіпшілік - Қаратонмен пара-пар екенін естен шығармау керек деп ойлаймыз». Қоймастан мәселе көтере жүріп, ғалым ақыры өз ұсыныстарының жемісін көрді.

Сондықтан, бүгінгі ұрпақ республикамызға еңбек сіңірген геолог - барлаушы, Қазақстан Республикасы жер қойнауының Құрметті барлаушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, мұнайшы, геолог-ғалым, «Халықтар достығы» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Атырау облысы мен Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы Таумыш Жұмағалиевтің алғашқылар қатарында қос өзен аралығы кен байлығын зерттеуді дәйекті түрде ғылыми негіздеп, күш-жігер жұмсауы нәтижесінде осы өңірде жоғары сапалы мұнайға мол кен орындары ашылғанын айтуды өзімізге парыз тұттық.

Бағыт СМАТУЛЛИН
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесінің төрағасы.

(Жалғасын газеттің келесі нөмірінен оқи аласыздар)



Мартыши кен орнында,
1968 ж.



З.Айдыналиев пен Қ.Құдабаев
мұнайшылар арасында,
1968 ж.



ҚР еңбек сіңірген геологы
С.Балғымбаев



Мартышиға түсірілген бірінші десант,
1967 ж. Солдан оңға қарай:
С.Сағытжанов, З.Айдыналиев,
Р. Қалмұханов, З. Жанбосынов,
Н.Сарбасов.



Мартыши автокөлік учаскесінің
жүргізушілерінің бір тобы



Жүргізуші Н.Набиев жұмыс
сапарына шығар алдында



Мартыши мұнайын игеруді
бастағандардың бір тобы
1968 жыл.



Мартыши кен алаңындағы
№1 цехтың қабат қысымын
сақтау бригадасы

ТАРИХИ ФОТОЭТЮД



Басқарма басшылары мен инженер-
техник қызметкерлерінің бір тобы
1973 жыл.



Алғашқы десанттың
басшысы – З.Айдыналиев.



КСРО Жоғарғы кеңесінің
депутаты – Рая Шартикова

МҰНАЙШЫ ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да құрылған «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен «Өзін-өзі дамыту және ораторлық шеберлікті қалыптастыру формалары» атты тренинг Компанияға қарасты барлық басқармаларда өтті.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ-де басталған аталмыш шарада Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, әйелдер клубын ұйымдастыру идеясының авторы Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА шараға қатысушыларға қош келдіңіздер айтып, шеберлік сағатының мақсатына жан-жақты тоқталды.

Шара барысында мұнайшы қыздар «берері мол мұндай жиындарды өндіріс алаңдарында жиі ұйымдастырылса, тақырыптар ауқымы кеңірек болып, отбасы, бала тәрбиесі сынды идеологиялық салаларға басымдық берілсе» деген ұсыныстарын ортаға салды.



ӘЙЕЛДЕР КЛУБЫ



ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ АРНАУЛЫ КИІМ – ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Назар аударатын тағы бір мәселе, адам денесі жылудың 70%-ын бас пен мойын арқылы шығарады. Ал, дененің бұл мүшелерін жазғы арнаулы киімдер жаппайтыны белгілі. Яғни, бөлінген жылудың 30%-ы өзге дене мүшелері арқылы бөлінеді.

Көріп отырғанымыздай, адам денесінің қызуына арнаулы киім емес, төмендегі

факторлар әсер етеді:

1. Судың жетіспеушілігі;
2. Демалысқа үзілістің жоқтығы;
3. Жұмыс орнында көлеңкенің болмауы;
4. Жұмысшының денсаулығы (артық салмақ, организмде зат алмасу қабілетінің нашарлауы және т.б.);
5. Медициналық препараттардың кейбір түрлері дененің салқындау процесіне

КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҒЫ

әсер еткендіктен, оның қызуына септігін тигізеді.

Жоғарыда баяндалғандай, арамидті талшықтарды қолдану арқылы тігілген арнаулы киім компаниямыздың жұмысшылары үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз болып табылады. Ембінің арнаулы киімін үлкен абыроймен киіп, өз денсаулығыңызды күтіңіз!

МЕНШІК ИЕСІ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

<https://www.facebook.com/100016808373445>

https://www.instagram.com/ao_embamunaigas

<https://t.me/embamunaigas>

www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; **Бауыржан БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; **Сәлімжан НАҚПАЕВ** – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА** – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgcp.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz